

**«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
«МЕНЕДЖМЕНТ» ББ**

ИНФОРМАЦИОННОЕ ПИСЬМО

**XVII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ПӘНДІК ОЛИМПИАДА
(екінші кезең)**

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР!

"Нархоз университеті" КЕАҚ "Менеджмент" білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың (РСПО) II-кезеңін өткізу туралы хабарлайды.

РСПО студенттердің кәсіби және зерттеу құзыреттерін дамытуға, талантты студенттерді анықтауға, менеджмент саласындағы ғылыми қызметке қызығушылықты қалыптастыруға бағытталған.

Конкурсқа қатысуға "Менеджмент" ББ (күндізгі оқу нысаны) бойынша оқитын және өз ЖОО-да 1-ші кезеңде іріктеуден өткен 2-4 курс студенттері шақырылады.

РСПО күндізгі (офлайн) форматта өтеді.

Ғылыми жоба (үй тапсырмасы) электрондық түрде 3 тілдің бірінде (қазақ, орыс, ағылшын) Word және Power Point форматында ұсынылуы тиіс. РСПО-ға қатысу үшін ғылыми жобаларды орындауға қойылатын талаптар (3-қосымша) және РСПО туралы ереже хатқа қоса беріледі.

Шарттар бұзылған жағдайда ғылыми жоба олимпиадаға қатысуға жіберілмейді.

Өтінім мен электрондық құжаттар пакетін және РСПО конкурсына қатысу үшін **2025 жылғы 20 мамырға** дейін zhanna.aliyeva@narxoz.kz электрондық мекенжайға жіберу қажет, "Тақырып" жолында **"РСПО 2025"** деп жазыңыз.

СҒЗЖ ресімдеу кезінде негізгі ұсынымдарды, ақпараттық хатты және 1-4-қосымшалардағы нысандарды басшылыққа алу қажет.

Олимпиада мәселелері бойынша "Менеджмент" ББ профессоры Алиева Жанна Тыныбекқызына хабарласуыңызды сұраймыз:

- e-mail: zhanna.aliyeva@narxoz.kz
- тел.: +7 778 160 40 72;

**6B04104-Менеджмент мамандығы бойынша
XVII Республикалық студенттік пәндік олимпиада туралы**

ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдар негізінде әзірленді, 6B04104 - Менеджмент мамандығы бойынша Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы (бұдан әрі-РСПО) ұйымдастыру мен өткізудің жалпы тәртібін, сондай-ақ РСПО жеңімпаздарын айқындау қағидаларын айқындайды.

1.2. Негізгі және қосымша номинацияларда РСПО конкурстарын ұйымдастырудың нақты тәртібі осы Ереженің негізінде РСПО өткізу әдістемелерімен, РСПО финалының регламентімен, РСПО Ұйымдастыру комитеті қабылдайтын өзге де әдістемелік құжаттармен белгіленеді.

1.3. РСПО-ны жалпы әдістемелік, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуді Нархоз университеті КЕАҚ РСПО өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің Жұмыс тобы жүзеге асырады.

2. РСПО МАҚСАТТАРЫ

2. РСПО-ның негізгі мақсаттары:

2.1. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, менеджмент саласында мамандар даярлау сапасын арттыру.

2.2. Студенттердің кәсіби құзыреттілігі мен ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту.

2.3. Дарынды студенттерді анықтау және қолдау және басқару саласындағы зерттеу, өндірістік және кәсіби қызмет үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру

2.4. Менеджмент саласындағы ғылыми қызметке қызығушылықты қалыптастыру.

2.5. Заманауи ақпараттық технологияларды қолдану бойынша студенттердің білім деңгейін арттыру.

3. РСПО МІНДЕТТЕРІ

3.1. Кәсіби, теориялық білім деңгейін, инновациялық және аналитикалық қабілеттерін, топтық топтардағы коммуникативті қарым-қатынаста көрінетін шеберлігін, студенттердің тапқырлығын, оқушыларды Кәсіби пәндерді тереңдетіп оқуға ынталандыру.

3.2. Өзін-өзі дамытуға, сыни тұрғыдан ойлауды және көшбасшылық қасиеттерді дамытуға жағдай жасау.

3.3. Кәсіби міндеттерді шешуге инновациялық көзқарасты ынталандыру.

3.4. Әр түрлі жоғары оқу орындарының студенттері арасында тәжірибе алмасуға жәрдемдесу.

3.5. Болашақ менеджерлердің ұжымда жұмыс істеу қабілетін, жауапкершілігін, еңбекқорлығы мен тапқырлығын жетілдіру.

Олимпиада менеджмент саласындағы кәсіби білімді, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға және дамытуға ықпал етуге арналған.

4. РСПО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

4.1. РСПО-ға қатысуға Менеджмент білім беру бағдарламасы бойынша оқитын жоғары оқу орындарының студенттері жіберіледі.

4.2. РСПО қатысушылары 2 кезеңнен өтеді:

1) ЖОО ішіндегі;

2) республикалық ЖОО аралық конкурс - команда құрамында.

4.3. РСПО өткізу кезінде РСПО қатысушыларына (қатысушылар командаларына) келесі талаптар қойылады:

4.3.1. Бір командадағы қатысушылар саны 3 адамнан аспауы керек. Командамен бірге жіберуші тараптың топ жетекшісі болуы міндетті.

4.3.2. РСПО-ға қатысуға Менеджмент білім беру бағдарламасының 2-4 курс студенттері, студент тиісті оқу пәндерін тыңдағанына немесе оларды өз бетінше оқығанына қарамастан жіберіледі.

4.4. Конкурсқа қатысушылардың кандидатурасын ұсыну құқығын олар оқитын ЖОО береді.

Оқу орны жоғары оқу орнындағы І-кезеңде 1 орын алған 3 адамнан тұратын команданы ұсынады. Мамандық бойынша командалар саны 3-тен аспайды (қазақ тілінде оқитын 1 команда, орыс тілінде оқитын 1 команда және ағылшын тілінде оқитын 1 команда).

5. РСПО ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. РСПО жыл сайын (жылына бір рет) өткізіледі. Жалпы әдіснамалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етудің құрамын Нархоз университеті айқындайтын және бекітетін РСПО өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі-Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитеті РСПО-ның барлық кезеңдерін өткізу кезінде туындаған даулы жағдайларды қарайды, республикалық кезеңнің қорытындысы бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігіне есеп береді.

5.2. Олимпиада 2 кезеңде өткізіледі:

- 1 кезең (ЖОО);

- 2 кезең (республикалық)

Олимпиада үш тілдерінде жүргізіледі: қазақ, орыс және ағылшын.

5.3. РСПО ЖОО кезеңін ЖОО-да оқитын студенттер арасында өткізеді. Кезеңде студенттер жеке сынаққа қатысады. ЖОО кезеңін ұйымдастыру және өткізу, жеңімпаздарды марапаттау мәселелері осы ЖОО басшылығының құзыретінде болады.

5.4. РСПО-ның республикалық кезеңі негізгі номинациялар бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді (І, ІІ, ІІІ орын алған командалар) анықтау мақсатында бекітілген конкурстық тапсырмалар бойынша командалардың жеке қатысуы түрінде өткізіледі.

5.5. РСПО ның республикалық кезеңі Нархоз университетінің КЕАҚ да өткізіледі және екі кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең (сырттай) – командалардың ғылыми жобаларының нәтижелері бойынша олимпиадаға қатысушыларды іріктеу. Бірінші кезеңнің нәтижелері бойынша Нархоз Университетінің бұйрығымен құрылған сараптама комиссиясының мүшелері 10 команданы таңдайды.

2) екінші кезең (1-кезеңнен өткен командалардың бетпе-бет қатысуы) екі кезеңнен тұрады:

2.1) 1-кезең: "Менеджмент" ББ бойынша тест тапсырмалары мен кейстер шешу келесі пәндері бойынша өтеді (60%):

- Менеджмент негіздері (20%)

- Бизнес-коммуникация (20%)

- Стратегиялық менеджмент (20%)

2.2) 2 кезең: Ұй тапсырмасы - жобаларды қорғау (40%).

Берілген тақырып шеңберінде ғылыми жобаның презентациясы (ұзақтығы 7-10 минуттан аспайды).

5.6. РСПО өткізу жөніндегі жұмыс тобы республикалық кезеңнің барлық номинациялары бойынша жеңімпаздарды іріктеу критерийлерінің бірлігін қамтамасыз етеді.

5.7. Командаға конкурстық өтінімді қабылдаудан және олимпиадаға қатысудан келесі жағдайда бас тартылуы мүмкін:

- конкурстық өтінім мен Жобаны уақтылы ұсынбау;
- жобаның мазмұны мен ресімделуі бойынша талаптарға сәйкес келмеуі.

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар кестесі

Өткізу уақыты	Іс-шаралар	Жауапты тұлғалар
20.05.2025 ж. дейін	Университеттерден қатысу үшін өтінім мен жобаны электрондық пошта арқылы жіберу	Жіберуші ЖОО тараптары
22.05.2025 ж.	Олимпиаданың екінші кезеңіне өткен командалар тізімін жариялау. Топ жетекшілеріне қоңырау шалу	Ұйымдастыру комитетінің координаторы
28.05.2025 ж.	Нархоз университетінде өткізілетін Республикалық олимпиаданың екінші кезеңі	Ұйымдастыру комитеті
9.00-9.50	Олимпиадаға қатысушыларды тіркеу	
10.00-12.30	1-кезең: тест тапсырмалары және кейстердің шешімдері. Өткізу форматы: жазбаша	
14.00-16.00	2 кезең: Ұй тапсырмасы - жобаларды қорғау. Өткізу форматы: ауызша	
16.00-16.30	Талқылау	
16.30-17.00	Қорытындыларды шығару және РСПО жеңімпаздарын марапаттау	

6. РСПО КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯСЫ

6.1. Нәтижелерді объективті бағалау үшін оқытушылардан, ғылыми қызметкерлерден және бизнес өкілдерінен тұратын конкурстық комиссия құрылады.

6.2. РСПО комиссиясының құрамы ұйымдастырушы жоғары оқу орнының бұйрығымен бекітіледі.

6.3. Комиссия жұмыстарды тексеруді және бағалауды, қорытындыларды шығаруды және жеңімпаздарды анықтауды жүзеге асырады.

6.4. 2-кезеңнің (Республикалық) қорытындысы бойынша жеңімпаз және жүлдегер болуы мүмкін:

- 1-орын - тек бір команда;
- 2-орын-екі командадан артық емес;
- 3-орын-үш командадан артық емес.

6.5. РСПО финалдық кезеңін өткізу сәтіндегі сараптама комиссиясының функциялары тек РСПО қатысушыларының конкурстық тапсырмалары бойынша бағалаумен және шешім шығарумен шектеледі.

7. РСПО ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫС ТОБЫ

7.1. Ұйымдастыру комитеті оқытушылар, білім беру бағдарламасының қызметкерлері және ЖОО әкімшілігінің өкілдері қатарынан құрылады.

7.2. Жұмыс тобы олимпиаданың барлық кезеңдерін үйлестіруді, қатысушыларды хабардар етуді, аудиторияны даярлауды және техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

8. РСПО ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

8.1. Конкурстық тапсырмалардың қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған қатысушылар РСПО жеңімпаздары болып танылады.

8.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдармен және/немесе естелік сыйлықтармен марапатталады.

8.3. Ұпайлар тең болған жағдайда жүлделі орын беру туралы шешімді конкурстық комиссия қабылдайды.

8.4. Жеңімпаз атанбаған, бірақ конкурстық комиссияның ерекше пікірімен белгіленген қабілеттері мен дағдыларын көрсеткен қатысушылар республикалық кезеңнің лауреаттары болып танылады.

8.5. «Менеджмент» мамандығы бойынша келесі Республикалық олимпиада бірінші орынды иеленген жоғары оқу орнының базасында өткізіледі.

9. РСПО-НЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

9.1. Студенттік олимпиадаға қатысу (жол жүру, тәуліктік, тұру) жіберуші Тараптың есебінен қаржыландырылады.

9.2. Барлық ұйымдастырушылық шығындарды (тапсырмаларды, дипломдарды, грамоталарды дайындау, кеңсе тауарларына кететін шығындар және т.б.) «Нархоз университеті» КЕАҚ өз есебінен қамтамасыз етеді.

10. ОЛИМПИАДАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

10.1. РСПО-ға қатысу үшін қатысушылар ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) олимпиаданың 1 кезеңінің қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе хаттамамен ресімделетін ЖОО-ның Ғылыми/академиялық кеңесінің шешімі;
- 2) қатысуға өтінім (белгіленген үлгідегі)
- 3) әрбір қатысушының оқу орнынан анықтама;
- 4) жеке куәлік / паспорт (көшірмесі);
- 5) талаптарға сәйкес ресімделген команданың ғылыми жобасы;
- 6) ғылыми жобаның аннотациясы;
- 7) ғылыми жетекшінің пікірі (еркін нысанда);
- 8) авторлар мен ғылыми жетекші туралы мәліметтер.
- 9) әрбір қатысушының 3x4 фотосуреті.

Екінші (республикалық) кезеңге өткен топ мүшелерінің өздерімен бірге жеке куәлігі, сондай-ақ электрондық түрде ұсынылған құжаттардың түпнұсқалары болуы тиіс.

Байланыс ақпараты

Құжаттар мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 050035, Жандосов көшесі, 55, «Нархоз университеті» КЕАҚ, 2-қабат, Open space, Экономика және менеджмент мектебі, «Менеджмент» білім беру бағдарламасы және электрондық пошта арқылы: zhanna.aliyeva@narxoz.kz, тел.: +7(778)160-40-72.

ҚОСЫМША 2

**"Менеджмент" білім беру бағдарламасы бойынша Республикалық студенттік пәндік
олимпиадаға қатысуға
Өтінім**

Команда атауы _____

Қатысушы		
1	Аты	
2	Жөні	
3	Тегі	
4	ЖОО	
5	Мамандық	
6	Курс	
7	Оқыту тілі	
8	Үй мекенжайы	
9	Байланыс үшін телефон	
10	Электронды поштасы	

Қатысушы		
1	Аты	
2	Жөні	
3	Тегі	
4	ЖОО	
5	Мамандық	
6	Курс	
7	Оқыту тілі	
8	Үй мекенжайы	
9	Байланыс үшін телефон	
10	Электронды поштасы	

Қатысушы		
1	Аты	
2	Жөні	
3	Тегі	
4	ЖОО	
5	Мамандық	
6	Курс	
7	Оқыту тілі	
8	Үй мекенжайы	
9	Байланыс үшін телефон	
10	Электронды поштасы	

Ғылыми жетекшісі		
1	Аты	



2	Жөні	
3	Тегі	
4	Лауазымы	
5	Электронды поштасы	

ЖОО-ның ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры (қолы)

Ғылыми жетекшісі (қолы)

Жоба авторлары (қолдары)

**"Менеджмент" білім беру бағдарламасы бойынша Республикалық студенттік пәндік
олимпиадаға ғылыми жобаның мазмұны мен ресімделуіне қойылатын
ТАЛАПТАР**

Олимпиадаға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне «Болашақ менеджменті: жасанды интеллект және Z ұрпағы – өзгерістердің қозғаушы күші ретінде» тақырыбында ғылыми жоба тапсыру қажет.

Жобаны баспа түрінде ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Тақырыптың өзектілігі:

Жоба жасанды интеллект пен Z буыны менеджменттің өзгеру драйверіне айналатынын және болашақта табысты болу үшін компанияны басқарудың қандай тәсілдерін қолдана алатынын көрсетуі керек.

2. Жоба құрылымы:

- Титулдық бет
- Аннотация (жоба жазылған тілде)
- Кіріспе (өзектілігін, мақсаттары мен міндеттерін негіздеу)
- Негізгі бөлім (теориялық шолу, талдау, кейстер, зерттеулер)
- Қорытынды (қорытындылар, ұсыныстар, практикалық маңыздылығы)
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
- Қосымшалар (бар болса)

2.1 Титулдық бетте келесі мәліметтер көрсетіледі (4-қосымша):

- ЖОО-ның толық атауы
- Авторлардың аты-жөні, мамандығы, курсы
- Жобаның атауы
- Жетекшінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі (бар болса), лауазымы
- Олимпиада өткізілетін қала және жылы

2.2 Аннотация (1 беттен аспауы тиіс) мынадай бөлімдерден тұрады:

- Тақырыптың өзектілігін негіздеу
- Жобаның мақсаты мен міндеттері
- Жобаның ғылыми жаңалығы
- Жобаның мақсатына жету әдістері
- Жобаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

3. Көлемі:

Негізгі мәтіннің 10-15 беті (мұқаба бетін, аннотацияны, қосымшаларды және әдебиеттер тізімін қоспағанда), Times New Roman шрифті, өлшемі 14 кегль, жол аралығы 1,5, шеттері - сол жағы – 3 см, оң жағы – 1 см, жоғарғы және төменгі жағы – 2 см.

4. Ғылыми мазмұны және түпнұсқалығы:

- Жоба өзіндік талдауды, дәлелді қорытындылар мен ұсыныстарды қамтуы тиіс.
- Дәйексөздер мен мәліметтерді сілтемесіз алуға болмайды. Жоба антиплагиат жүйесі арқылы тексеріледі.

5. Ұсыну форматы:

- Жазбаша жұмыс (DOCX форматында)
- Қорғауға арналған презентация (PowerPoint, 10 слайдқа дейін)
- Баяндау (10 минутқа дейін, күндізгі (офлайн) кезеңде)

Ғылыми жобаның презентациясына қойылатын талаптар

1. Форматы:

- PowerPoint (PPT / PPTX)

-
- Слайдтар саны — 10-нан аспауы тиіс
 - Жобаны қорғау уақыты — 10 минутқа дейін
2. **Презентация тілі:**
Қатысушылардың таңдауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ЖОО АТАУЫ

«_____» тақырыбы
бойынша

ҒЫЛЫМИ ЖОБА

Жоба авторлары

Аты-жөні, тегі, мамандық, курс

Аты-жөні, тегі, мамандық, курс

Аты-жөні, тегі, мамандық, курс

Ғылыми жетекшісі

Аты-жөні, тегі, лауазымы, ғылыми дәрежесі